

APG7201 - «Қазіргі табиғатты пайдалану жағдайында өсімдіктер жағдайын бағалау»

Модуль I. Қазақстан флорасы және өсімдіктер жабыны. Қазақстан ормандары ерекшеліктері.

2 дәріс. Қазақстан өсімдіктер қауымдарын қорғау проблемалары.

Батыс Тянь-Шань - Орталық Азиядағы тау жүйесі, Тянь-Шанның батыс бөлігі. Батыс Тянь-Шань тауларын Қырғыз Алатауы, Талас Алатауы, Шатқал (4503 м), Құрама, Пскем, Өгем (Угам) және Қаратау жоталары құрайды. Жоталар прекембрий мен палеозойдың шөгінді, метаморфтық және жанартау текті жыныстарынан (тактатас, әктас, құмтас, мәрмәр, гнейс, гранит, эффузиялық жыныстар, т.б.) түзілген. Батыс Тянь-Шань жоталары герциндік катпарлану қозғалысына ұшырап, тегістелу (пенеплендік) процесін өткерген. Сондықтан, бұлар онша биік емес, тау бастары жайпақ, батыс беткейлері көлбеу, шығысы құлама келеді. Жер қойнауы кен байлықтарына бай. Мұнда темір, молибден, ванадий, қорғасын кентастары, тас көмір және қоңыр көмір, каолин, т.б. құрылыс материалдары өндіріледі. Мұхиттардан алыс жатқандықтан онда қуаң климат қалыптасқан. Климаты тым континенттік. Жоталарының оңтүстік-батысындағы тау аңғарларында ауаның орташа температурасы қаңтарда $-3-5^{\circ}\text{C}$, шілдеде $20-25^{\circ}\text{C}$, жоғарғы белдеулерде қаңтарда $-10-15^{\circ}\text{C}$ және одан да суық, ал шілдеде $-10-15^{\circ}\text{C}$ болады. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері тау аңғарлары мен етегінде 150-450 мм, одан биік белдеулерде 450-800 мм. Батыс Тянь-Шань таулары Шу, Талас, Сырдария өзендерінің суайрығы болып табылады. Тау аңғарлары мен баурайларында тәлімі және суармалы егіншілік, мал шаруашылығы дамыған. Талас Алатауы мен Өгем жоталарында

- Қаратау қорығы
- Ақсу-Жабағылы қорығы
- Сайрам-Өгем ұлттық паркі орналасқан.

Батыс Тянь-Шань тау жүйесі ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра тізіміне қосылды. Ұйымның ресми сайтында хабарланғандай, Стамбулда 10-17 шілде аралығында өткен Дүниежүзілік мұра комитетінің отырысында дүниежүзілік мұра тізіміне жаңадан жеті нысан, оның ішінде Батыс Тянь-Шань тау жүйесі қосылған. Батыс Тянь-Шань сілемдері Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан территориясында орналасқан. Тізімге Канада, Қытай, Иран, Мексика, Судан мен Чад ұсынған нысандар да енгізілген.

Батыс Тянь-Шань - Орталық Азиядағы әлемдегі ең ірі жеті тау жүйелерінің бірі Тянь-Шаньның бір бөлігі саналады. Батыс Тянь-Шаньның кейбір бөліктерінің биіктігі 700 метрден 4 мың 503 метрге дейін жетеді.

Батыс Тянь-Шаньның Қазақстанға тиесілі аумағында Қаратау қорығы, Ақсу-Жабағылы қорығы мен Сайрам-Өгем ұлттық паркі бар.

Батыс Тянь-Шаньның қазақстандық бөлігі *Қырғыз жотасынан* басталады. Қырғыз жотасының батыс бөлігінің солтүстік беткейі, Талас

Алатауының батыс тармағы, Ташкент маңы Алатауының Манас тауынан басталған солтүстік – шығыс беткейі Қазақстан аумағына кіреді.

Талас Алатауының қазақстандық бөлігі – Жабағылы таулары, ол екі жотаға бөлініп, Ақсу – Жабағалы өзенінің алқабын қоршайды, солтүстік жотаның биіктігі 2600 – 2800 м, оңтүстік жотада 3500 м. Бұлар да ертедегі палеозойдың шөгінді эффузиялық жыныстарынан тұрады. Тау беті тілімделген, онда ертедегі мұз басудың іздері бар, жер бедері альпілік пішінде дамыған. Ташкент маңы Алатауы Талас Алатауының оңтүстік – буюатысқа қарай орналасқан бірнеше жоталардан тұрады. Оларға Піскем, Көксу, Майдантал, Ойқайын, Өгем, Сайрам, Қоржынтау, Қазығұрт және Боралдай таулары кіреді. Олардың ішіндегі ең ірісі – Піскем. Жота жоғарғы палеозойдың әктастарынан түзілген. Оңтүстік – шығыс беткейі тік және қысқа, солтүстік – батыс беткейі көлбеу. Піскем жер сілкіну аймағы болып табылады. Сайрам, Көксу Ташкент маңы Алатауының екінші қатардағы жоталары болып табылады. Батыс Тянь - Шаньның батыстағы жалғасы Қаратау жотасы. Ол Талас Алатауының батыс жағынан басталып, Боралдай, Сайрам жоталары орқылы Ташкент маңы Алатауымен шектеседі. Солтүстік батысқа қарай созылып жатқан таудың ұзындығы 400 км, орташа биіктігі 1800 м. Ең биік нүктесі Мыңжылқы тауы, 2176 м. Тау солтүстік - батысқа қарай аласарып, Сарысу, Шу өзендерінің атырабында бітеді. Геологиялық құрылысы мен жер бедері жағынан Шу- Іле тауларымен ұқсас. Аласарып, мүжіле бастаған. Қаратаудың солтүстік – шығыс және оңтүстік – батыс жоталарын тау аралық ойыс бөліп тұрады. Екі жотаның арасындағы ойыс қызыл түсті құмдардан түзілген. Қаратау бойында пайдалы қазбалардың мол қоры табылған. Қорғасын – мырыш Шымкент қорғасын зауытына шикізат ретінде пайдаланылады. Фосфорит байлығы Тараздың зауыттарын қамтамасыз етіп отыр. Онда көп жерде кенді ашық әдіспен өндіру жолға қойылған. Гипстің, цементтің және т.б. құрылыс материалдарының көзі пайдаға асуда.

Қазақстанның оңтүстік – батысы мен оңтүстігін алып жатқан бұл таулардың қатпарлы – жақпарлы негізі палеозойдың тұсында қалыптасқан. Негізгі жер бедері неоген мен палеоген дәуірлеріндегі тау көтерілу тұсында жетілген. Кей жерлерде әлі де тау көтерілу процесі жүріп жатыр. Оған Тянь-Шаньдағы жер сілкіністер дәлел бола алады. Таулардың жалпы жер бедері біркелкі емес. Ол биік жоталармен бірге тау аралық ойыстардан, қыратты жазықтардан тұрады. Таулардың биік белдеулері оның дамуының негізгі заңдылықтарын белгілейді. Батыс Тянь-Шаньның климаты бұдан гөрі өзгешелеу. Оңтүстік Қазақстанның жылы ауа райы оған әсер етеді. Таулардағы қар белдеуі бұл жерде жоғарырақ жатады. Тауларда ылғай мол болады. Тау беткейлерінде шілде айының орташа температурасы 20°C - 25°C болса, мұздықтардың етегінде – 5°C -қа дейін төмендейді. Жылыдық жауын-шашын мөлшері 600-800 мм.

Тянь-Шаньның батыс бөлігінде мұздықтар онша көп емес. Мұздықтар негізінен Талас Алатауындағы Манас тауында, Арысқа құятын Ақсу өзенінің басында, Піскем, Майдантал, Ойқайын өзендері алабында. Батыс Тянь-Шань

мұздықтары көлемі жағынаншағын, әрі тым биікте жатады. Оңтүстік жылы ауа райы олардың еріп, қорын азайтуға әсер етіп жатқаны байқалады. Таулардың оңтүстік аймаққа орналасуы жаздың ыстық күндерінде мұздықтардың, биікте жатқан қарлардың еруі, тау басындағы көлдердің деңгейінің көтерілуі жазғы жаңбырдың жиі әрі нөсерлі болуы солардан басталатын өзендердің тасуына әкеліп соғады, тау өзендері бойында тасқын жаздың аптапты кездерінде жиі болады. Олар шаруашылыққа үлкен зиян келтіріп, адам өміріне қауіп төндіреді.

Батыс Тянь-Шаньның биік белдеулері жоғарырақ жатады. Оған жоғарғы мөлшердегі ауа температурасы мен ылғалдың молдығы әсер етеді. Топырақ пен өсімдік жамылғысының түрлері де онда биіктік белдеулерге байланысты ауысып отырады. Әсіресе Ақсу-Жабағлы қорығында өсетін өсімдіктердің алдыңғы Азия мен үндістандық түрлері кездеседі.

Тянь-Шанның жануарлар дүниесі де оның солтүстік, батыс бөліктерінде өзгеше дамыған. Солтүстік Тянь- Шанда жануарлардың сібірлік, еуропалық түрлері молырақ кездесе, Батыс Тянь- Шанда Жерорта теңізіне, Африкаға, Гималай өлкесіне тән жануарлар түрлері бар.

Қорықтары. Тянь-Шань табиғаты мен оның өзіне тән өсімдіктер, жануарлар дүниесін қорғау үшін бірнеше қорықтар мен ұлттық парктер ұйымдастырылған. Олардың ішінде Ақсу-Жабағылы (1926), Алматы (1931) қорықтары үлкен орын алады.

Ақсу-Жабағылы қорығы - Талас Алатауының (Батыс Тянь-Шань) солтүстік-батыс бөлігін және Өгем жотасын алып жатқан Қазақстандағы тұңғыш қорық. Жамбыл облысының Жуалы ауданы мен Түркістан облысының Түлкібас ауданы аумағында орналасқан. Қорық Ақсу және Жабағылы атты екі өзеннің арасына орналасқан.^[1] Ол 1926 ж. құрылған. Құрамында Қаратаудағы «Қарабастау» (126 гектар) және «Әулие» (100 гектар) телімдері бар. Жерінің ауданы 128118 гектар (2007). Қазір Ақсу-Жабағылы қорығы ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне енген.